

Көздіғара ауылы

Көздіғара – ауданымыздағы Сарыой ауылдық округіне қарасты елді мекен, бір кездері Чапаев ауылы деп те аталған. Қазір иесіз дала болып қалған жерде Еңбек, Барсай, Социализм, Калинин елді мекендері кезінде үлкен ауылдар болған. Оған Бұлдырты ауылы да осы біріктірілген бірнеше аймақтық кеңеске қараған. Көздіғара сөзінің шығу тарихына да ауыл қарияларының айтуы бойынша, ауыл қоныстанар кезде су үшін қазалып жатқан құдықтың суы көрінген кезде тұрғындар «көзді қарандар, көзді», - деп айқайласа керек, содан сол жерге тігілген ауыл да Көздіғара аталуы әбден ықтимал. Жалпы судың мол көзі аймаққа бұл атау қалай қойылса да жарасады. Одан бөлек Жаңа қоныс, Бесоба секілді бірнеше рет өзгертілген.